

ISSN 1563-0223
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Филология сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия филологическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Philology series

№2 (154)

Алматы
«Қазак университеті»
2015

<i>Алдабек Н.Ә., Масымбаева А.А.</i> Көптілділік және қазіргі тілдік ахуал жағдайындағы мемлекеттік тілді меңгерту әдістемесінің кейбір мәселелері.....	140
<i>Атабай Б.А., Көптілеуова Д.Т.</i> Иероним Мегизер және түркі тілі	146
<i>Зуева Н.Ю.</i> Употребление окказиональных лексических сочетаний в языке поэзии	152
<i>Иминбердиева С.Қ., Егізбаева Н.Ж.</i> Прецедентті термин және прецедентті есім	158
<i>Когай Э.Р.</i> Концепт «Восточный город» в литературе Центральной Азии	166
<i>Котлярова И.В.</i> Лексические репрезентации концепта «тоска» через признаки растения (статья первая).....	174
<i>Куржебаев К.К.</i> Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы тірек сөздердің функционалдық қолданысы.....	182
<i>Ли В.С.</i> Дискурс как категория современной теоретической лингвистики	188
<i>Мамаева М.Қ., Жұмағұлова А.Ж.</i> Сөйлемді дұрыс талдау кепілі – сөйлем құрылымын, семантикасын және коммуникативтілігін негізге алу.....	194
<i>Махметова Д.М., Апекова Р.Н.</i> Семантика «коммуникабельности» в научном информативном тексте по химии	200
<i>Мусабекова У.Е.</i> Варианты и норма: реализация в структуре действующих справочных изданий.....	206
<i>Нуржаева А.М., Ахметбек Г.</i> Вэньянь и его особенности	212
<i>Окушева Г.Т., Ақшалова Б.Н.</i> Функции фонестем в произведениях О. Уайльда	216
<i>Салқынбай А.Б.</i> «Жүректе қайрат болмаса» өлеңіндегі Абай даналығы және дала шындығы	222
<i>Шалабай Б.</i> Сөйлем үлгісі (моделі) – сөйлем құрылымын анықтаудың негізгі бірлігі.....	228
<i>Юрицына И.Ю.</i> Основные категории истории русского литературного языка (к проблеме определения предмета и объекта ИРЛЯ).....	232

3-бөлім Раздел 3
Тілді оқыту әдістемесі Методика преподавания языка

<i>Бисенғали З-Ғ.Қ.</i> Өздік жұмыстарды ұйымдастырудағы инновациялық ізденістер.....	240
<i>Борамбаева Л.А.</i> Шет тілін үйрету үдерісіндегі Case study әдісін қолданудың артықшылығы.....	246
<i>Саденова А.Е.</i> Қазақ тілін меңгертудегі сөйлеу жағдаяттарының түрлері	252
<i>Сүттібаев Н.А., Түлеубаева Б.Б., Исабаева Б.К.</i> Шетел тілін қашықтықтан оқыту технологиясы.....	258
<i>Tayeva R.M., Orazbekova I.G., Jskakova G.A.</i> Stylistic analysis in teaching stylistics at higher educational institutions.....	262
<i>Тлешова Ж.К.</i> Қолданыстағы ағылшын тілінің (English-in-Use) Кембридж тест форматтарына енгізілуі	268
<i>Турабаева Л.</i> Тілді оқытуда инновациялық технологияларды тиімді қолдану	272
<i>Турарова Қ.Қ.</i> Жаңа технологиялар арқылы оқытуда дидактикалық ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер.....	278
<i>Турбекова Р.С.</i> Формы преподавания русского языка в национальной аудитории	282

Турарова Қ.К.

**Жаңа технологиялар
арқылы оқытуда дидактикалық
ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер**

Бұл мақалада жаңа технология арқылы қазақ тілін оқыту мәселелері қарастырылады. Әлемдік бәсекелестік заманында білім және қабілеттілік деңгейіне, іскерлікке ерекше көңіл бөлінуде. Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың ойлауы мен сөйлеуін дамыту жаңа технологияны пайдалану қажеттілігі туындауда. Мақалада қазақ тілін оқытуды жаңа заман талап ететін сапа тұрғысынан меңгертетін дидактикалық үдерістің мақсаты қарастырылады. Білім алушылардың ойлауы мен шебер сөйлеу тілін дамытудың дидактикалық негіздері ішінде «дидактикалық ұстанымдар» жөнінде ой қозғалады. Инновация ұғымының анықтамасына тоқталады. Оқыту технологиясының құрылымына, жаңа оқыту технологиясын кіргізуге қатысты шаралар қолдану қажеттілігі бүгінгі заманның басты талабы. Мақалада адам бойындағы қажеттілікті қанағаттандыруға кепілдік беретін, әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын, икемді білім беретін модульдік оқыту мәселелері қарастырылған. Модульдік оқытудың дидактикалық ұстанымдары мен негіздері білімді сапалық жағынан өзгертеді. Мақалада автор интерактивті оқытудың тиімді болуы үшін қарым-қатынастың үш жағы қатысуы қажеттілігі туралы айтады.

Түйін сөздер: технология, дидактиканың басты ұғымы, дидактикалық үдерістің мақсаты, оқыту ұстанымы, инновация, модульдік оқыту.

Turarova K.K.

**The didactic principles
and methods in teaching by
means of new technologies**

The article deals with the problems of Kazakh language teaching methods using the innovative technologies. Today much attention is paid to knowledge and skills. It is necessary to use new techniques that develop learners' thinking and speaking skills while teaching the Kazakh language. Consequently, the article deals with the aims of the didactic process of teaching in accordance with modern requirements. The definition of the concept of innovation is discussed in the article. The main requirement today is to combine new teaching techniques and teaching techniques content. The article raises the issue of module education determining the necessity and guaranteeing the satisfaction of human needs. The author addresses the need to present all the three parts for effective interactive teaching.

Key words: technology, basic concepts of didactics, aim of didactic process, principles of didactics, innovation, module education.

Турарова Қ.К.

**Дидактические принципы
и методы в обучении
посредством новых технологий**

В данной статье рассматриваются вопросы использования инновационных технологий в преподавании казахского языка. В эпоху мировой конкуренции уделяется особое внимание уровню способностей и умениям обучаемого. В преподавании казахского языка для развития мышления и говорения слушателей появляется необходимость использования новых технологий. В статье рассматривается цель дидактического процесса в обучении казахскому языку в соответствии с современными требованиями. Затрагивается вопрос о «дидактических принципах» присущих дидактическим основам развития мышления и мастерства речи слушателей. Дается определение понятия «инновация». Основное требование сегодняшнего дня – необходимость применения методов внедрения новых технологий обучения в состав обучающей технологии. В статье затронут вопрос модульного обучения, определяющий необходимость и дающий гарантию для удовлетворения потребностей, присущих человеку. Дидактические принципы и основы модульного обучения меняют качественную сторону образования. В статье автор затрагивает вопрос о необходимости присутствия трех сторон отношений для эффективности интерактивного обучения.

Ключевые слова: технология, основное понятие дидактики, цель дидактического процесса, принцип обучения, инновация, модульное обучение.

**ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАР
АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДА
ДИДАКТИКАЛЫҚ
ҰСТАНЫМДАР МЕН
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Маманның ұлттық бәсеке-лестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен ай-қындалады» деп атап көрсетті [1]. Осы ретте әлемдік бәсеке-лестік заманда әрбір адамның білім және қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мә-селелері күн тәртібіне қойылып, адамның білімі мен біліктілі-гі қазіргі заманда мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналуға бастады. Бұл орайда қазақ тілін білуі біліктілік талаптарының бірі ретінде аса маңызды шарттардың бірі болуы заңды талап.

Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың ойлауы мен сөйлеуін дамытудың дидактикалық негіздері жүйесін құ-райтын компоненттерге ерекше назар аударылады. Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогиканың да мүмкіншілікте-рі артты, жаңа технологиялар пайда болды. оқулық ресурстары жоғары, өзіне тән әдістемесіне бірге электрондық, ақпараттық мультимедиялық технологиялар жоғары деңгейде қолданысқа енді.


Оқу-танымдық қызмет – дидактиканың жетекші катего-риясы, ол дидактиканың заңдарына бағынады. Оқу-танымдық қызметті жақсы да нәтижелі ұйымдастыру үшін ғылыми негіз болып отырған дидактиканың басты ұғымдары анықталады. Ол ұғымдар мыналар: білім алу, оқыту, оқу-танымдық қызмет, оқытудың мақсаттар, оқытудың әдістері. Осылардың ішінде-гі дидактиканың басты ұғымы – оқыту деп танылып жүргені белгілі. Осыған байланысты оқытудың дидактиканың негізгі белгілері көрсетіледі. Ғалым В. Оконь оқытуға: «Таким обра-зом обучение – это совокупность действий, позволяющих лю-дям узнавать природу, общества и культуру, принимать участие в их формировании и одновременно обеспечивающих многоо-стороннее развитие, навыков, способности и талантов, интересов и симпатий, убеждений и жизненных установок, а также приоб-ретение профессиональной квалификаций» [2, 25].

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың, студенттер мен тіл үйренуші ересектердің қазақша ойлауы мен сөйлеу ті-лін дамыту дидактикалық қатынастардың ерекше түрі қарасты-рылады. Олардың ішкі комбинациялық мүмкіндіктерін тиімді

қолдана отырып, теориялық және практикалық білімді меңгеру әдістерін қалыптастыру жолдары беріледі.

Қазақ тілін оқытуды жаңа заман талап ететін сапа тұрғысынан меңгертетін дидактикалық үдерістің біртұтас мақсатын былайша саралап беріледі:

Ш Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың ойлауы мен шебер сөйлеу тілін дамытудың дидактикалық негіздері ішінде «дидактикалық ұстанымдар» маңызды орын алады. Жалпы, дидактикалық ұстанымдар туралы мәселенің басы анықталды деуге болмайды. Дидактика-ғалымдар өздері ұстанған позициялар мен қолданған әдістеріне сай, дидактикалық ұстанымдар мен құзыреттіліктердің түрін де, санын да өзгертіп отыратындығы жайлы айтылады.



Бүгінде оқыту әдістемесін ұйымдастыру мен әдісінің жаңалығы жаңа талаптарға байланысты оқу-тәрбие үдерісін шығармашылықпен пайымдалудың негізгі өлшеміне айналуда. Оқытудың жаңа инновациялық әдістері жалпы білім жүйесінде жаңа технологияны өздігінен іздеуге итермелейді [3, 199].

Инновация ұғымы латын тілінде – *жаңарту, жаңалық, өзгеріс* деген түсінікті білдіреді. Инновация тәжірибеде жаңа технологияларды, әдістер мен құралдарды жасау және қолдану. Сонымен қатар жаңа идеяларды, ізденістерді,

үдерістерді бірлікте жетілдірудің жүйесі. Инновациялық технологияны жаңа білім беру парадигмасын өмірде жүзеге асырудың құралы.

Технология – грек «техне» – *опер, кәсіп, ғылым+«логос»* ұғым, *оқу* деген түсінікті білдіреді. Өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдер мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығы. Яғни оқу-тәрбие үдерісін жүргізудің тәсілдері мен құралдары жайындағы білімдердің жиынтығын оқыту үдерісін де қолданыс технологиясы. Оқыту технологиясы – жүйелі категория. Оның құрылымы:

- оқытудың мақсаты;
- білім берудің мазмұны;
- әдістеме; (оқыту әдіс-тәсілі және мотивация)
- нәтиже; (үйрену мен үйретудің нәтижесі)

Оқыту технологиясы – оқыту үдерісін ұйымдастыру, басқару және бақылау. Бүгінде білім беруде нәтижелі жетілдірудің құралы ретінде тәжірибеде жаңа оқыту технологиясын кіргізуге батыл шаралар қолдануда. Сондықтан Қазақстан Республикасында білім беру тұжырымдамасы ойлай білетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін қабілеті бар жеткілікті қалыптастыруға бағытталған. Сол себептен де бүгінгі еліміздегі білім беру жүйесі оқушылардың таным белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес белсенді формалары мен әдістерін көптен енгізуді қажет етуде [4].

Инновациялық технологиялар:

Модульдік оқыту – оқытудың ұйымдастырылуы және мазмұны бойынша адам бойындағы қажеттілікті қанағаттандыруда кепілдік беретін, әрі жаңа қажеттілікті анықтайтын икемді білім беретін мазмұндық-тақырыптық жүйелі құрылым құру.

Модульдің анықтамаларын жинақтай келе, үш түрлі бағытта топтастырып, жүйелеуге болады:

– модуль – біліктілік мінездемесінің талаптарына жауап беріп, мамандық бойынша оқу пәндерінің жиынтығын ұсынатын мемлекеттік білім беру стандарт бірлігінің үлгісі;

– модуль – пәнаралық әдістемелік-ұйымдастыру құрлымы болып, әр түрлі оқу пәндерінің тақырыптық жиынтығы ретінде бір мамандықты меңгеруді және оқу үрдісінде пәнаралық қатынасты қамтамасыз етеді;

– модуль – бір ғана оқу пәнінің шеңберіндегі ұйымдастыру әдістемелік құрлымының бірлігі.

Оқыту мазмұнын таңдап алғаннан кейін сол мазмұнды жүйелеу мәселесі туындайды. Әсіресе, оқыту мазмұнын дербес модульдерге жіктеуде пәннің мазмұны мен ерекшелігін ескеру байланысты.

Модульдік оқытудың дидактикалық жүйесі басқада дидактикалық жүйелер сияқты оқыту-

дың мақсатарына сай жалпы дидактикалық ұстанымдар мен негіздеріне сүйеніп, оқу материалдарын құрлымды меңзейді. Модулдік бағдарламаларды құрастыруда әр түрлі тәсілдер байқалады. Даралық модулдердің мазмұны оқыту мазмұнын құрлымдау түрінде беріліп, дидактикалық материалдармен және қолданбалы міндеттермен қамтамсыз етілуі керек.

Модулдік оқыту педагогикалық басқарудың қалыптасқан жүйесін сапалық жағынан өзгертеді. Модулдік оқыту жағдайында оқу үрдісін басқару мәлімет беру үрдісіне бағытталған кезеңдермен, білім алушының өздігімен жұмыс істеуі және белсенділігін арттыратын өзін-өзі басқару мен басқарудың тиімді арақатынасын орнатумен ерекшеленеді [3].

Интерактивті оқыту – қазіргі кезде қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту - интерактивті

оқытуға үлкен көңіл бөлуде. Оқыту үрдісі тиімді болу үшін қарым-қатынастың үш жағы қатысуы қажет:

- ақпараттық (ақпараттық берілуі және сақталуы);
- интерактивті (біріккен іс-әрекетте өзара әсердің ұйымдастырылуы);

Қазіргі кезде интерактивті оқыту екі бағытта жүзеге асырылып жүр.

- Қарым-қатынас мәдениеті [5, 23];

Оқу жағдаяттарын барынша пайдалану, студенттер үшін «қарым-қатынас алаңын» құру қажет. Интерактивті оқыту кезінде студенттер тек қана бақылаушы болып қатыспай, қиын мәселелерді сыни ойлау негізінде өз бетінше шеше алатын жағдайға жеткізу. Білім беру – бұл адамды ақыл ой иесі және тұлға ретінде қалыптастыратын ең маңызды шарт болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2007. 1 наурыз.
- 2 Оконь В. Дидактикаға кіріспе. – М., 1987. – 221 б.
- 3 Қасым Б. Педагогика және психология мамандықтары студенттеріне кәсіби қазақ тілін кредиттік технология арқылы үйрету // Білім беру жүйесінде кәсіби бағытты жүзеге асырудың өзекті мәселелері. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2013. – Б. 199-204.
- 4 Тұяқов Е. Модулдік технологиямен оқыту // Қазақстан мектебі, 2005. – №3. – Б. 18-28.
- 5 Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану / Оқу құралы. – Алматы, 2009. – 328 б.

References

- 1 Nazarbaev N. Qazaqstan halqi'na Joldawı' // Egemen Qazaqstan. – 2007, 1 nawri'z.
- 2 Okon' V. Di'dakti'kagha kirispe. – M., 1987. – 221 b.
- 3 Qasi'm B. Pedagogi'ka ja'ne psi'hologi'ya mamandi'qtari' stwdentterine ka'sibi' qazaq tilin kredi'ttik tehnologi'ya arqi'li' u'yretw // Bilim berw ju'yesinde ka'sibi' baghi'tti' ju'zege asi'rwdi'ng o'zekti ma'sceleleri. Ghi'li'mi' maqalalar ji'naghi'. – Almati', 2013. – B. 199-204.
- 4 Tuyaqov E. Modwldik tehnologi'yamen oqi'tw // Qazaqstan mektebi, 2005. – №3. – B. 18-28.
- 5 A'limov A. I'nterbelsendi a'disterdi jogharghi' oqw ori'ndari'nda qoldanw / Oqw qurali'. – Almati', 2009. – 328 b.